

«Бекітемін»

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық  
Тараз университетінің ректоры

п.ғ.д., профессор  
Сарыбеков М.Н.  
2025ж.



## ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ

### «ШЕРХАНТАНУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ, «ЖАСТАР САЯСАТЫ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ» БАСҚАРМАСЫ

#### «КІТАП – ӨМІРСЕРІК» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ «АЙ МЕН АЙША» РОМАН-ДИЛОГИЯСЫН ОҚУҒА АРНАЛҒАН

#### ЕРЕЖЕ

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде және әдебиет арқылы да жеткен. Кітап – адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Кітап тандап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерді өмір қажетіне жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі.

Кітап оқудың жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуында маңызды функцияны атқаратынын және оқуды қолдау мақсатында «Шерхантану» ҒЗО мен «Жастар саясаты және тәрбие жұмысы» басқармасы «КІТАП – ӨМІРСЕРІК» акциясын ұсынады.

#### 1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже «Кітап – өмірсерік» акциясының өткізу тәртібін, мәртебесі мен мақсат-міндеттерін айқындайды.

#### 2. Акцияның мақсаты мен міндеттері

##### 2.1 Мақсаты:

Ш.Мұртаза мұрасын насихаттау, облыстық «Әулиеата – кітап оқитын өңір» акциясын қолдау, оқу мәдениетін дамыту, тарихи-мәдени және рухани мұрамызды сақтау, ана тілге деген қамқорлық қатынас.

##### 2.2 Міндеттері:

- ұлттық әдебиеттерге деген оқырмандардың қызығушылығын арттыру және қолдау көрсету;

- университет қызметкерлерін, студенттерді кітап оқуға тарту;
- кітап оқуды хоббиге айналдыру.

### **3. Акцияға қатысу тәртібі**

3.1. Акцияға жеке және ұжым болып қатысуға болады.

3.2. Акцияға университеттің барлық қызметкерлері, құрылымдық бөлімдер, профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар мен студенттер қатыса алады.

3.3. Акцияға қатысушылар әлеуметтік желіде (жеке парақша, университет парақшаларын белгілеу керек) романның оқылған әр тараулары бойынша ой-пікірлерімен бөлісіп отырулары қажет.

### **4. Акцияның өту мерзімі**

4.1. Акцияның өту мерзімі: 1.02.-1.04.2025 жыл

4.2 Романның әр томын оқуға 1 ай уақыт беріледі.

### **5. Акцияны қорытындылау**

5.1. Акция қорытындысы бойынша оқырмандардан қорытынды тест алынады.

5.2 Қосымша сұрақтар қою арқылы жеңімпаздар анықталатын болады.

5.3. Жеңімпаздар сәуір айында өтетін Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда арнайы марапатталады.